

**«Жолшы» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

**Ойыл селосы
2023-2024 оқу жыл**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің

АНЫҚТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 54 бабы 4 тармағына «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департамент басшысының 2022 жыл 20-қаңтардағы № 17-12-04-6/53 бұйрығы негізінде 2024 жылдың 03-05-ші маусым аралығында «Жолшы» бөбекжай-бақшасы өзін-өзі бағалауды өткізді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Өзін-өзі бағалау кезінде тексеріліп сарапталды:

1. Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы;
2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
3. Білікті қызметкерлердің болуы;
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша мониторинг
6. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау деңгейінің диагностикасы;
7. Ата-аналармен өткізген сауалнама қорытындысы.
8. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау.

1. Мекеменің жалпы сипаттамасы



Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, индекс 030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округі, Ойыл ауылы, Қлипанов көшесі, 24 ғимарат. **Заңды тұлғаның байланыс деректері:** Тел/факс: 8(713 32) 2-12-08 Эл. поштасы: zholsh_uil@mail.kz

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Мырзағалиева Ажар 15.08.2014 жылы Ойыл аудандық білім бөлімі басшысының № 342 бұйрығымен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:

Ұйымының Жарғысы – Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсанының №490 қаулысымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ойыл ауданының бөлімімен заңды тұлғаға мемлекеттік қайта тіркеу 2021 жылғы 13 қаңтарда жүргізілген.

Бөбекжай-бақшасының Жарғысында-оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі, тәрбиеленушілерді бөбекжай-бақшасында орынының сақталуы мен шығару негіздерін және тәртібін, білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі басшылыққа алынған.

Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН 990940001593, 13.01.2021 жылы № 23-1904-14-МАО-МК берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні- 07.09.1999 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны -Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «30» желтоқсандағы №490 қаулысының негізінде қайта құрылды.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ29RVK00026446

Берілген күні: 18.01.2021 жыл.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК басқару қызметін А.Мырзағалиева атқарады. Педагогикалық еңбек өтілі -40 жыл, үшінші санатты басшы-ұйымдастырушы- педагог. Осы аталған мекемеде 15.08.2014 жылдан жұмыс жасауда. Білімі – арнаулы орта:

1. Қаскелең педагогикалық училищесі. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»

01.03.1983 ж. №788

Әдіскер – Жоламанова С.Б. «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК-да 2004 жылдан бастап жұмыс жасайды. Осы қызметі бойынша 2011 жылдың ақпан айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – арнаулы орта:

1. Ақтөбе гуманитарлық колледж «Бастауыш сынып мұғалімі»21.06.2008ж. №114

Шаруашылық меңгерушісі – Құрманғалиева Н.Б. Осы балабақшада 1995 жылдан бастап еңбек етіп келеді.

1. Ақтөбе көлік, коммуникация және жана технологиялар колледжі, 22.04.2008ж №19174

Медбике – Шутенова З. , білімі арнаулы орта, Ақтөбе медицина училищесі бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 1 жыл.

Есепші – Бақытжанова Д.Ж. Осы мекемеде 2020 жылдан бастап еңбек етеді. Білімі – жоғары.

1. Қазақ-орыс халықаралық университеті, 12.06.2022ж. №525

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

Тәрбиеленушілердің контингенті

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК-да жалпы тізім бойынша –36 бала. Балалардың құрамы 2-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 2 топ.

«Күншуақ» тобында -16 бала, «Еркетай» тобында-20 Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылдарындағы балалардың жалпы саны:

Оқу жылы	Балалардың жалпы саны	«Күншуақ» тобында	«Еркетай» тобында
2023-2024 о.ж	36	16	20

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның қызметін жоспарлаудың алдында тәрбиелеу-білім беру жұмысының жайын жан-жақты және терең талдау, әлсіз және күшті жақтарын айқындау, алдағы кезенге арналған өзекті міндеттерді анықтау арқылы бағдарладық.

- «Балаларды ерте дамыту институты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің жұмыс жоспары;
- «Бір тұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспары;
- «Сапалы білім баршаға қолжетімді» ұлттық баяндамасын жүзеге асыру туралы ЖОЛ КАРТАСЫ;
Ақтөбе облысының білім басқармасының Экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары;

Осы аталған жоспарларды басшылыққа ала отырып балабақшаның жоспары құрылып, толықтырылып отырды. Жоспар негізгі құжат болып табылып, оның негізінде мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметі ұйымдастырылады.

Балабақшамыздың сыйымдылығына сай балалар тұрақты қабылданып отыр. Балалардың құрамы 2-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 2 топ.

Тұлғаны оңтайлы дамыту және баланың денсаулығын сақтау, сапалы білім беру ортасын қолдау, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы мүмкін болатыны айқын. Балабақшамызда балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапты барлық тұлғаларға арналған «Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету» бойынша нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес жұмыс атқаруда.

Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады. Бағдарламаның мазмұнын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жан-жақты дамытуға бағытталған: «Физикалық», «Коммуникативтік», «Таным» «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етілді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету негізінде құрастырылды.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуен, балалардың үйге қайтуы, күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын бір аптаға арналған циклограмма құрастырылды. Күн тәртібі, перспективалық жоспар, циклограмманың құрылымы, әр топқа мектепке дейінгі ұйымның №1 педагогикалық кеңесінде бекітілді.

Бөбекжайдың жылдық жоспары бойынша бес педагогикалық кеңес қойылған.

№1 педагогикалық кеңестің тақырыбы: МДҰ-ның жаңа оқу жылына арналған қызмет жоспарын қабылдау және бекіту. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы. Тәрбиешілер жылдық жоспармен таныстырылып, өтілетін іс-шаралар бекітілді, сабақ кестелері жаңа стандарт талаптарына сай оқу жоспарлары жасалынып, күн тәртіптері бекітілді.

№2 педагогикалық кеңес «Педагогтың кәсіби этикасы» тақырыбында өтілді. Әдеп кеңесінің төрайымы Б.Улукпанова «Педагогтың кәсіби этикасы: мән-мағынасы, мазмұны, қызметтер» атты баяндама оқып, балабақша педагогтерімен пікірталас өткізді. Топ тәрбиешілері балалардың біліктері мен дағдылардың даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген бастапқы диагностиканың нәтижесінің қорытындысы туралы есеп берді.

№3 педагогикалық кеңес - «Педагог ұжымның бірінші жарты жылындағы жұмыс қортындысы» туралы және «Балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг жүргізу бойынша жүргізілген аралық диагностиканың нәтижелерінің қорытындысы» туралы талдау жұмысы талқыланды.

№4 педагогикалық кеңесі - Маманның микрофоны: «Бес тас»

Педагогикалық идеялар қоры /тәжірибе алмасу/ бағытында өткізілді.

№5 педагогикалық кеңес - балабақшаның педагогтары МДҰ-ның жылдық жұмыс тақырыбына байланысты өздерінің жұмыстары бойынша қорытынды есептерін берді. Онда жыл басында неше бала қабылданып, мониторинг бойынша бағалау деңгейін көрсетіп, бала осы оқу жыл бойы не үйренді, не білді, қандай жетістіктерге жеткені жайында, қандай іс – шаралар өткізгені айтылды. Бүлдіршіндермен күнделікті күн тәртібі бойынша жұмыстана отырып, ұйымдастырылған іс – әрекеттер берілген оқу жоспары бойынша жүргізіледі. Таңғы қабылдаудан соң таңғы жаттығулар жасалып отырады.

Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспар құрылған, сол жоспарды жүзеге асыру мақсатында бөбекжайда жан-жақты талқыланып, бағдарланған жұмыстар атқарылды.

Сонымен бірге бөбекжайда әр түрлі мерекелік іс- шаралар да назардан тыс қалған емес, мерекелік іс-шаралар өз уақытында үнемі жүргізіліп тұрады.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына бағытталған жоспары жоғары.

Балабақшада меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Тәрбие мен оқыту жұмысына қажетті құрал-жабдықтармен және 2-5 жасар балалардың тәрбиеленуіне қолайлы жағдайларменен қамтамасыз етілген. Барлық жастағы топтардың қабылдау, ойын, жатын және жуыну бөлмелері бар. Балабақша аумағында 2 топқа арналған, ойын алаңдары бар. Барлық бөлмелер санитарлық, эстетикалық және дидактикалық талаптарға сай келеді. Балабақша балалардың ойнауы мен балабақша қызметкерлеріне қажетті кеңсе жиһазымен толық жабдықталған.

Балабақшада: 3 дана – компьютер, 1 дана – ноутбук, мультимедиялық жабдық: экран+проектор – 1 комплект, принтер – 1 дана, принтер+сканер+ксерокс – 2 дана, «факс» аппараты – 1 дана, теледидар – 2 дана, дауыс ұлғайтқыш – 2 дана, музыкалық аппарат-1, фотоаппарат+видеокамера-1 дана, ламинатор-1 дана, переплеттау машинасы-1 дана.

Балабақшада 3 компьютер локальды – ақпараттық жүйеге қосылған, интернет желісі, электронды пошта бар.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 7 дана бейнебақылаумен қамтылған. Оның 2-уі ойын бөлмелерінде, 1-уі асханада, 4-уі сыртқы аумаққа орналасқан.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, үтік, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады.

Медициналық кабинетте балаларға жоғары деңгейде медициналық қызмет көрсетуіне: бойөлшегіш (ростомер), таразы, кварцтық лампа, тоңазытқыш, медициналық үстел, дәрі-дәрмек сақтау үшін шкаф және Алғашқы көмек көрсетуге арналған аптечка толық қарастырылған. Асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып СанПин талаптарына сай жабдықталған.

Кадрлар әлеуетіне талдау

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да барлығы 8 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

Жоғары білімдісі – 5 педагог (57%)

Оның ішінде:

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 4 (62,5%)

Арнаулы орта білімдісі – 3 педагог (37,5%)

Оның ішінде:

Ұйымдастырушы басшы: -1(12,5%)

Педагог-зерттеуші: - 2 (25%)

Педагог-модератор: - 1 (12,5%)

Санаты жоқ: - 4 (50%)

Біліктілік курсынан педагогтар өз уақыттарымен өтіп отыр.

3.3. Біліктілік арттыру курснан өткен педагогтар туралы мәлімет (2023-2024 оқу жылы бойынша):

№	Педагогтың аты-жөні	қызметі	Курстан өткен жылы	Курс тақырыбы	Курстан өткен мекеме
1	Жаңабаева Акку Серікқызы	Музыка жетекшісі	22.04-03.05.2024 72 сағ. № 0747759	Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісінің кәсіби құзреттілігін дамыту	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғам.

Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын әрекеті тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру мен мазмұнның ажырамас бөлігі болып табылатынын әр педагогтің басты ұстанымы. Ойын әрекеті балалар үшін маңызды, ойын арқылы бір жағынан тәрбиеленушілердің танымы кеңейеді, екінші жағынан қоғамдағы мінез-құлық нормаларын түсінеді. Педагог кадрлердің тәрбиеленушілермен қарым-қатынасы сенімді және еркін. Өз ойларын ашық айта отырып барлық жұмыстардың шешімін бірлесе отырып жүзеге асырады.

Балабақша педагогтары өз шығармашылықтарын жетілдіру, насихаттау мақсатында баспасөз беттеріне, танымдық журналдарға мақалаларын, түрлі ашық сабақ үлгілерін, ертеңгіліктер мен өткізілген іс-шараларын үнемі жариялап отырады. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен облыстық пәндік олимпиадаға және басқа байқауларға қатысып жүлделі орын алуда.

Педагог кадрлерінің жетістіктері:

С.Жоламанова-әдіскер.

1. Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен халықаралық пәндік олимпиадан **II- Диплом**
2. «Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының **Алғыс хат:**

Б.Улыкпанова – тәрбиеші.

1. Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен халықаралық пәндік олимпиадан **III-Диплом.**
- 2.«Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының **Алғыс хат:**

М.Утеуова- тәрбиеші.

1. Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен халықаралық пәндік олимпиадан **III- Диплом.**
- 2.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбындағы облыстық семинарға қатысканы үшін **Сертификат**
- 3.«Барлығына рақмет» челленджі Республикалық **Алғыс хат.**
- 4.«Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының **Алғыс хат:**
- 5.Мектепке дейінгі білім беру балалардың шығармашылық ойлау мен зияткерлік қабілеттерін дамытудың инновациялық тәсілдері халықаралық онлайн конференция **Сертификат.**

В.Кадирова- тәрбиеші.

1. Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен халықаралық пәндік олимпиадан **III- Диплом**
2. «Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының **Алғыс хат:**

Ш.Тайгужиева- тәрбиеші.

- 1.«Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының **Алғыс хат:**

С.Мыңжасарова - психолог

- 1.Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы Мектепке дейінгі педагогтар арасында өткен облыстық пәндік олимпиадан **II- Диплом**
- 2.«Ойын технологиясы – мектепке дейінгі балалардың шығармашылық ойларын, танымдық қызығушылықтарын, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту жұмыстары» семинар-практикум. **Алғыс хат.**
3. «Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының **Алғыс хат:**

Сонымен қатар МДҰ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

Бақшамыздың тәрбиеленушілері :

№	Аты-жөні	Конкрустың аталуы	Марапат
1.	Амангелдиева Балауса	«Әжем, анам және мен» республикалық байқау. Аудандық кезең	II дәрежелі диплом
2.	Тұрланова Айкөркем	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» республикалық байқау. Аудандық кезең	III дәрежелі диплом
3.	Тапаев Айбат Бисенкулов Қуантқан Аманжан Фарида Қойшыбай Ибрахим Болат Абдурахим Русланұлы Дәулетхан Сатыбалды Көзайым	«Ханталапай» республикалық байқау. Аудандық кезең	Алғыс хат
4.	Мақсот Бақтияр	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	II дәрежелі диплом
5.	Болат Абдурахим	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
6.	Серікболсынқызы Айкөркем	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
7.	Тынышқали Аңсар	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
8.	Айбатқызы Кәусар	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
9.	Алтай Нұрханым	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
10.	Аманжан Фариза	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
11.	Берік Аяулым	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
12.	Дулатов Шерхан	«Ғажайып әлем» байқауы	II дәрежелі диплом
13.	Аманболды Ахмет	«Жас дарын» интеллектуалды байқау облыстық	III дәрежелі диплом
14.	Тапаев Айбат	«Ғарышкерлер күні» республикалық байқау. Аудандық кезең	III дәрежелі диплом
15.	Жарас Адалин	«Ғарышкерлер күні» республикалық байқау. Аудандық кезең	I дәрежелі диплом
16.	Бекболат Амре	«Ғарышкерлер күні» республикалық байқау. Аудандық кезең	II дәрежелі диплом
17.	Манарбекова Аңсаған	«Ғарышкерлер күні» республикалық байқау. Аудандық кезең	III дәрежелі диплом




«Әдепті бала -арлы бала»

Балаларға әдептілік жайлы мағлұмат беру. Әдепті болуға үйрету, ойлау қабілетін және шығармашылығын дамыту. Әдептілік әлеміне саяхаттау барысында балаларға әдептілік ұғымының мағынасын ашу. Адалдыққа, мейірімділікке кішіпейілділікке тәрбиелеу және мақал-мәтел арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттыру барысында тәрбиеші В.Кадирова.



Балабақшада балалардың күнделікті өмірде, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғаттағар жағдайында қарапайым қауіпсіздік ережелерін үйретудің бір бағыты - «Жоқ сауіпсіздігі»

Тәрбиеші Б.Улукпанова тәрбиеленушілермен жол қозғалысы қауіпсіздігін зерттей отырып жан-жақты бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізді.




«Қиалымыздағы ғажайып сурет» Тәрбиеленушілеріміздің қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған іс-әрекет.





«Наурыз» мерекесін балабақша тәрбиеленушілері мен ата-аналармен бірге өткізе отырып «Наурызнама» тұжырымдама бағдарламасына сәйкес «Береке басы - Наурыз» атты көше Наурыз тойы жұртшылықтың көңілінен шыққан мерекелік шара өткіздік. Ұлттық ойында ойнатылып, жеңімпаздар марапатталды. 18 наурыз «Ұлттық киім күніне» орай аналарымыздың ұлттық киімдер үлгісіне сый-сияпаттар жасалды.



екмухамбетова атындағы мектеп- гимназиясына саяхат жасап, мектептің ты
тіршілігімен танысып өтті. -



«Біз балдырған- бірлігіміз жарасқан!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатқа 25 тәрбиеленуші қатысты.

Тәрбие сағатында 1 - мамыр - Қазақстан халықтарының бірлік, ынтымақ күні – екендігін тоқталып өтті. Бір шанырақтың астындағы халқымыздың достығы туралы түсінік бере отырып, ауызбірлік пен түсіністік қарапайым сыйластық, әр халықтың салт – дәстүрлері туралы толық мағлұмат берді.

«Біз балдырған- бірлігіміз жарасқан!» тақырыбында тәрбие сағаты өткен туралы балабақша сайтына жарияланды.

"Жолшы" бөбекжай бақшасы" МКҚК
Күншуақ кіші тобы

АСЫЛ ӘЖЕЛЕР, АЯУЛЫ АНАЛАР



ТӘРБИЕШІЛЕР: УТЕУОВА М.Н, ТАЙГУЖИЕВА Ш.С



«Күншуақ» топ тәрбиешілері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес «Аналар» мектебінің мүшелерімен «Бес тас» ұлттық ойыны ойнатылып сұрақтарға жауап беріліп, дайындап келген үй тапсырмалары бойынша ұлттық ойындар ойнатылып, аналарымыздың ұлттық тәрбиеге көбірек көңіл бөлуге

ықпал жасалды.



Балабақшамыздың түлектері «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына өрлесін қосты және кішкентай бүлдіршіндеріміз ата-аналырымен құстарға орнатып, гүл отырғызды.



Ата-аналарға кеңес беру пунктінде баланың балабақшаға қызығушылығын арттыру мақсатында кеңес берілді.



Тәрбиелеу – білім беру процесі.

Балабақша топтарында заттық-кеңістіктік дамытушы орта жасақталды. Дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптарға сәйкес - қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; көп атқарымды; өзгермелі; тартымды.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады, яғни Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Физикалық білім беру дағдысы бойынша: Дене шынықтыру іс – әрекеті бойынша балалардың шынығу жаттығуына қызығушылығы артып, қимыл – қозғалыс ептілігімен дағдыларын жетілдіріп, жүру, жүгіру, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, сапқа тұру, қозғалыс ойындары арқылы дене күшінің қасиетін дамыту жұмыстары жүргізілді. Ертеңгілік жаттығулар уақытында өтіледі. Сауықтыру-шынықтыру шаралары әр топта жас ерекшеліктеріне қарай жүйелі түрде өтіледі. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында, өсіп келе жатқан ағзаларына дене мүсінін сымбатты ету үшін гимнастикалық жаттығулар жасалынады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет және қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде күн сайын жүзеге асырылды.

Тәрбиеленушілердің сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу бағытында жүргізілді.

Тілдің грамматикалық құрылымы бойынша - сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға үйреттік.

Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру дағдысын қалыптастырдық.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Математика, сенсорика, құрастыру іс – әрекетінде 1 – 5 ке дейін санауды үйренді. Дөңгелек, төртбұрыш, ұшбұрыш, шаршы секілді геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтырып, ажырата білді. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру іс – әрекеті арқылы балалар биік – аласы, ұзын – қысқа, жуан – жіңішке, т.б ұғымдарды үйреніп, тәжірибеде қолдана біледі. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметінде балалар сандармен танысып, кері қарай санауды үйренді. Заттарды көлеміне қарай ажыратып, «қысқа», «қысқарак», «өте қысқа», «кіші», «кішірек», «тым кіші», «үлкен», «үлкенірек», «өте үлкен» сөздерін дұрыс қолдануды үйренді. Балалар уақытты бағдарлауды, тәулік бөліктері мен адамдардың іс-әрекеті арасындағы байланысты анықтауды үйренді.

Қағаз бетінде бағдарлауды, сол жақ жоғарғы, оң жақ төменгі, ортасы түсініктерімен таныс болды. Әр түрлі пішіндер арасынан белгілі бір пішінді табуды, сол пішінге ұқсас заттарды топтастыруды үйренді. Оқу үрдісінде оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, ақпараттық коммуникативтік технологияны тиімді пайдаланып, балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту арқылы уақытты бағдарлауды, тәулік бөліктері мен адамдардың іс-әрекеті арасындағы байланысты анықтауды үйренді. Қағаз бетінде бағдарлауды, сол жақ жоғарғы, оң жақ төменгі, ортасы түсініктерімен таныс болды. Әр түрлі пішіндер арасынан белгілі бір пішінді табуды, сол пішінге ұқсас заттарды топтастыруды үйренді.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:

Бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру іс – әрекеті бойынша балалардың сурет салу, есте сақтау қабілеттерін арттыру, «Жаңбырлы күн», «сары жапырақтар», «жаңа жылдық шырша» т.б. тақырыптар бойынша сурет салып үйренді. Мүсіндеу іс – әрекеті арқылы ермексазды алақан арасына салып, айналдыра домалақтау, жалпақтау, шымшып созу тәсілдерін үйренді. Ермексазбен жұмыс жасауда саусақтардың, қолдың, иықтың бұлшық еттерін жетілдіре отырып, кимыл – қозғалыс икемділігін дамыту, құрылысы бірнеше бөліктерден тұратын мүсіндеуді үйренді. Жапсыру іс – әрекетінде жемілдеудің әдіс – тәсілдерін меңгерді. Ұқышты жұмыс істеуге дағдыландыру, қағазды киюды үйрету. Қиылған пішіндерден белгілі бір заттың бейнесін жасауға үйренді. Балаларға суреттерді өздігімен бояуды, қылқаламды дұрыс ұстауды үйретеміз. Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды мүсіндеуді үйренді. Сурет оқу қызметінде суреттің өзін ғана салып қоймай суреттерді қиып, құрастырып, сосын бояу тәсілі, үзік сызықтарды қосып сызып бояу тәсілі және де түрлі қызықты әдістер мен түрлі материалдар қолдану арқылы жүргізілді.

Музыка оқу қызметінде музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды, балалармен бірге ән салуды, әуенмен бірге би кимылдарын орындауды үйренді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша:

Көркем әдебиет іс – әрекеті арқылы балалардың сөздік қорларын, тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін арттыру, өз еркімен ойларын еркін айта білуді біледі. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру, туған өлкенің өсімдіктері, көкөністері мен жемістері, туралы, жерде жүретін және аспанда ұшатын қозғалыс құралдары туралы, жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстырып, үйретілді. Сонымен қатар балаларға бізді қоршап тұрған табиғатпен таныстырдық. Өлі табиғат нысандарына: күн, ауа, су, топырақ, тас туралы, ересектердің еңбегін бағалауды, өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға үйретеміз. Балаларға тек қана түсіндіріп қана қоймай, түрлі суреттер, видеолар арқылы көрсетіп отырамыз. Балаларымызға өздері тұратын ауыл туралы, көліктер туралы көптеген мағлұматтар бердік.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекетті жүйелі түрде өткізіп отырды.

Балалардың білімін бағалау

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бастапқы мониторинг Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына сүйені отыры, ал аралық пен қорытынды мониторинг Балаларды ерте дамыту институты дайындаған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары – (Астана, 2023 - 68 бет) сүйене отырып жүргізілді.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша қорытынды диагностика қорытындысы:

№	Қорытынды деңгейі	Физикалық Қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
1	Жоғары	62 %	57%	60%	60 %	62%
2	Орташа	38 %	43%	40%	40 %	38%
3	Төмен	0%	0%	0%	0 %	0 %

8. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау:

Өзін-өзі бағалау барысында комиссия ұсынады:

-алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені насихаттау жұмысын жалғастыру;

- педагогтардың облыстық, республикалық конкурстарға қатысуын жалғастыру;

Өзін-өзі бағалау, яғни мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік ғылыми зерттеу, тәрбие жұмыстарын, тәрбиеленушілер білімдерінің деңгейін тексеру, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін, сауалнамаларды жан-жақты талдау барысында – «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының өзін-өзі бағалау нәтижелері білім саласындағы өкілетті орган – Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаментіне ұсынсын.

Комиссия төрайымы :

Комиссия мүшелері:



А.Мырзағалиева
С.Б.Жоламанова
Б.Ж.Улукпанова
М.К.Утеуова
Ш.Тайгужиева.